

Қазақстан Республикасы Қарулы Құштері әскери полиция органдарының гауптвахтасында ұсталатын әскери қызметшілерді (әкімшілік қамаққа алынған әскери қызметшілерден басқа) гауптвахтадан тыс жерде күзету және алыш жүру (айдауылмен алыш жүру) қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2023 жылғы 20 сәуірдегі № 354 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 24 сәуірде № 32352 болып тіркелді.

"Әскери полиция органдары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 1-тармағының 6) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРДАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Қарулы Құштері әскери полиция органдарының гауптвахтасында ұсталатын әскери қызметшілерді (әкімшілік қамаққа алынған әскери қызметшілерден басқа) гауптвахтадан тыс жерде күзету және алыш жүру (айдауылмен алыш жүру) қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қарулы Құштерінің Әскери полициясы бас басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты алғашқы ресми жарияланғанынан кейін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

3) алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларының орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Заң департаментіне жолдауды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қарулы Құштері Әскери полициясы бас басқармасының бастығына жүктелсін.

4. Осы бұйрық мүдделі лауазымды адамдарға және құрылымдық бөлімшелерге жеткізілсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрі

R. Жаксылыков

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрі
2023 жылғы 20 сәуірдегі
№ 354 Бұйрықпен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Қарулы Құштері әскери полиция органдарының гауптвахтасында ұсталатын әскери қызметшілерді (әкімшілік қамаққа алған әскери қызметшілерден басқа) гауптвахтадан тыс жерде күзету және алып жүру (айдауылмен алып жүру) қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасы Қарулы Құштері әскери полиция органдарының гауптвахтасында ұсталатын әскери қызметшілерді (әкімшілік қамаққа алған әскери қызметшілерден басқа) гауптвахтадан тыс жерде күзету және алып жүру (айдауылмен алып жүру) қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Қарулы Құштері әскери полиция органдарының гауптвахтасында ұсталатын әскери қызметшілерді (әкімшілік қамаққа алған әскери қызметшілерден басқа) гауптвахтадан тыс жерде күзету және алып жүру (айдауылмен алып жүру) (бұдан әрі – айдауылдағы адамдар) тәртібін айқындайды.

2. Қазақстан Республикасы Қарулы Құштері әскери полиция органдарының гауптвахтасында ұсталатын әскери қызметшілерді (әкімшілік қамаққа алған әскери қызметшілерден басқа) гауптвахтадан тыс жерде күзетуді және алып жүруді (айдауылмен алып жүруді) "Әскери полиция органдары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 1-тармағының 6) тармақшасына сәйкес әскери полиция органдарының бөлімшелері жүзеге асырады.

3. Қазақстан Республикасы Қарулы Құштері әскери полиция органдарының гауптвахтасында ұсталатын әскери қызметшілерді (әкімшілік қамаққа алған әскери қызметшілерден басқа) гауптвахтадан тыс жерде күзету және алып жүру (айдауылмен алып жүру) арнайы көлік құралымен жүзеге асырылады. Арнайы көлік құралы радиостанциямен, жарқылдауық маякпен, кабина мен шанақ арасындағы сөйлесу құрылғысымен жабдықталады.

4. Айдауылдағы адамдарды дәретханаға шығаруды айдауылдағы адамның алдында және соңында жүріп отыратын айдауылмен алғып жүрушілербір-бірден жүргізеді. Дәретхана есігі айдауылдағы адам онда болған кезде сәл ашық қалады, қол кісендері шешіледі, терезе жабық күйде бекітіледі.

Әйелдерді айдауылмен алғып жүру кезінде айдауыл құрамына әскери полиция органдарының әскери қызметші әйелдері қосылады.

5. Айдауылмен алғып жүрге жататын күдіктілерді, айыпталушылар мен сотталғандарды Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2015 жылғы 18 маусымдағы № 353 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11844 болып тіркелген) бекітілген Бейбіт уақытқа алған Қазақстан Республикасының Қарулы Құштерін азық-түлікпен, азықпен, жабдықпен, асханалық-асүйлік ыдыспен және азық-түлік қызметінің техникасымен жабдықтау нормаларына сәйкес айдауылдағы адам шығатын әскери полиция органдары жол бойы тамақтандыруды қамтамасыз етеді.

2-тaraу. Күдіктілерді, айыпталушылар мен сотталғандарды айдауылмен алыш жүру үшін негіздер

6. Гауптвахтада ұсталатын әскери қызметшілер (әкімшілік қамаққа алынған әскери қызметшілерден басқа) гауптвахтадан тыс жерге (прокуратураға, сотқа, тергеу әрекеттерін жүргізу үшін және басқа да мән-жайбайынша) осы Қағидаларға З-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінімдер негізінде штаттық қарумен және арнайы құралдармен қаруланатын айдауылдың күзетуімен көлік құралымен жіберіледі.

7. Сотталғандарды айдауылмен алыш жүру сот шешімдері негізінде, сондай-ақ шұғыл жағдайда медициналық көмек көрсету үшін медицина қызметкерінің денсаулық сақтау мекемелерінеже кері айдауылмен алыш жүру қажеттілігі туралы жазбаша баянаты, тағайындауы бойынша жүргізіледі.

8. Егер сот, прокурор, тергеуші немесе анықтау органды бұрын шығарған қаулы негізінде бір уақытта куәгер ретінде іс бойынша өтетін гауптвахтада ұсталатын адамдар шақырылса, бұл туралы да өтінімде көрсетіледі.

9. Тергеушінің немесе соттың күдіктілер мен айыпталушыларды, сотталғандарды айдауылмен алыш жүргүре өтінімі оларды гауптвахтада ұсташа орны бойынша тергеу әрекеттерін жүргізу немесе сот отырысы басталғанға дейін оны үш тәулік бұрын алушты ескере отырып жолданады.

10. Гауптвахта бастығы кемінде бір тәулік бұрын әскери полиция органының бастығына айдауыл бөлуге өтінім жолдайды.

11. Өтінімдерден басқа, күдіктілер мен айыпталушыларды айдауылмен алыш жүру үшін:

1) прокурор санкция берген қаулы немесе соттың айдауылмен алыш жүру туралы қаулысы;

2) прокурордың, тергеушінің қаулысы немесе соттың жекелеген тергеу әрекеттерін жүргізу туралы қаулысы;

3) әскери полиция органы бастығының күдікті мен айыпталушыны денсаулық сақтау ұйымына жіберу туралы өкімі негіз болып табылады.

3-тaraу. Күдіктілерді, айыпталушылар мен сотталғандарды айдауылмен алыш жүру үшін қабылдау тәртібі

12. Айдауыл күдіктілерді, айыпталушылар мен сотталғандарды қабылдау пунктіне барады, онда айдауыл бастығы:

1) гауптвахта бастығына осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша нұсқаманы көрсетеді;

2) айдауылдағы адамдарға тиісті құжаттарды алады және олардың дұрыс ресімделуін тексереді, айдауылдағы адамдарды арнайы көлік құралының камералары бойынша орналастыруды айқындайды, күшейтілген қадағалау талап етілетін күдікті,

айыпталушы және сottалған адамдар туралы айдауылмен алып жүрушілерді хабардар етеді;

3) күдіктілерді, айыпталушылар мен сottалғандарды айдауылмен алып жүру үшін қабылдау уақытында оларды жеке тінту мен күзету үшін айдауыл құрамының есебін жүргізеді және орналастырады;

4) қauіpsіздікті қамтамасыз ету мақсатында күдіктілерді, айыпталушылар мен сottалғандарды қабылдау жүргізілетін үй-жайды қарайды.

Күдіктілердің құжаттары және айыпталушылар мен сottалғандардың жеке істері мөрленген пакетте айдауыл бастығына беріледі.

Айдауылмен алып жүру үшін жіберілетін адамдарды қабылдау бір-бірден жүргізіледі және айдауыл бастығының олардан денсаулық жағдайы, шағым мен өтініштің болуы туралы ауызша түрде сұрауынан, сұрау нәтижесін құжаттармен салыстырудан, жеке тінтуден, заттарын толық тексеруден тұрады. Толық тексеруді және тінтуді толық тексерілетін адаммен бір жынысты адам жүргізеді.

13. Айдауылмен алып жүруге қабылданатын адамдар оларға бар құжаттарға сәйкес осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес жол жүру журналында тіркеледі, одан кейін жеке тінтуге, ал олардың заттары мен азық-түлік өнімі толық тексеруге жатады.

Айдауыл бастығы тінту және толық тексеру нәтижесі туралы жол жүру журналында тінту жүргізген әскери қызметшінің тегін көрсетіп, жазба жасайды.

Гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілерді толық тексеруді және тінтуді гауптвахта әскери қызметшілері жүргізеді. Толық тексеруді және тінтуді толық тексерілетін адаммен бір жынысты адам жүргізеді.

Айдауылдағы адамдардан табылған сақтауға рұқсат етілмеген заттар мен құралдар "Адамдарды қогамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнаулы мекемелерде, арнаулы үй-жайларда ұстau тәртібі мен шарттары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес алынады.

14. Айдауылмен алып жүру үшін:

1) құжаттары дұрыс ресімделмеген және құжаттары жоқ адамдар;

2) дәрігердің (фельдшердің) қорытындысы бойынша айдауылмен алып жүруге жатпайтын науқастар;

3) дәрігердің оларды айдауылмен алып жүру туралы анықтамасы жоқ жүкті әйелдер ;

4) жүру жолына азық-түлікпен қамтамасыз етілмеген немесе маусымға сәйкескинбеген;

5) теріс нәтиже алғанға дейін бұрын инфекциялық аурулармен ауырған адамдармен байланыста болған, медициналық куәландырудан және зертханалық тексеруден өтпеген адамдар қабылданбайды.

4-тарау. Күдіктілерді, айыпталушылар мен сотталғандарды арнайы көлік құралымен айдауылмен алыш журу

15. Айдауылдағы адамдарды арнайы көлік құралына отырғызу алдында айдауыл бастығы оның шанағының жай-күйін, жарық түсірудің, сөйлесу құрылғысының, байланыс құралдарының, желдеткіштің, камера есіктері мен құлыптарының ақаусыздығын, орындықтардың мықты бекітілуін тексереді. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында заттарды алыш тастауға шаралар қабылдайды.

16. Айдауылдағы адамдарды арнайы көлік құралына отырғызу жүргізушінің қозғалуға әзір екені туралы баяндаудын кейін жүргізіледі. Көлік құралы айдауылдағы адамдар ұсталатын және олардың шығуы жүзеге асырылатын ғимараттың сыртқы есігіне (қақпасына) тақалып қойылады.

Айдауылдағы адамдар лекте бір-бірден көлік құралы шанағының есігіне жеткізіледі, айдауыл бастығы оларды кезекпен тегі бойынша тексеріп және дауыстап санау арқылы шанаққа жіберіп тұрады. Шанақта қаруы жоқ айдауылдың біреуі айдауыл бастығының нұсқауларына сәйкес айдауылдағы адамдардың санын дауыстап қайталай отырып, оларды камералар бойынша орналастырады, қалған айдауылмен алыш жүрушілер көлік құралына отырғызуды бақылайды.

17. Айдауылдағы адамдарды отырғызғаннан кейін айдауыл бастығы оларды оқшаулау талаптарының сақталуын бақылап тексеруді жүргізеді, айдауылды орналастыру туралы нұсқау береді және өзі көлік құралының кабинасында орын алады. Камера құлыптарының кілті айдауыл бастығында сақталады.

18. Айдауылдағы адамдарды соңғы белгіленген пунктте түсіру кезінде жүргізуші айдауыл бастығының нұсқауы бойынша көлік құралын бөгде адамдардың қолжетімділігін болдырмайтын, алдын ала белгіленген орында тоқтатады. Айдауылдағы адамдар бір-бірден (екеуден) лекке тұрғызылады және айдауыл бастығының командасты бойынша үй-жайға қарай жылжиды.

19. Айдауылды жіберетін әскери полиция органдарының бастығы арнайы көлік құралының шыққан күні және уақыты туралы соңғы баратын пункт органдарының бастығына, сондай-ақ әскери полиция органдарының аралық бөлімшелеріне хабарлайды.

5-тарау. Күдіктілерді, айыпталушылар мен сотталғандарды жаяу реттілікте айдауылмен алыш журу

20. Күдіктілер, айыпталушылар мен сотталғандар жаяу реттілікте:

1) арнайы көлік құралынан –айдауылдағы адамдарды сот ғимаратында ұсташа үшін камераларға немесе көшпелі сот сессияларында ол үшін бөлінген үй-жайларға, гауптвахтаның режимдік аймағына, тергеу әрекетін жүргізу орнына, денсаулық сақтау үйімінде;

2) күзеттен, гауптвахтадан немесе айдауылдан қашып кеткен адамдарды ұстай орнынан – егер көлік құралын пайдалану мүмкін болмаса, оларды тапсырудың ең жақын пунктіне дейін;

3) гауптвахтадан – сотталғандардың өміріне қауіп төндіретін табиғи, техногендік немесе өзге де сипаттағы төтенше жағдай туындаған кезде басқа күзету мекемесіне немесе қауіпсіз жерге айдауылмен алғып жүріледі.

Күдіктілерді, айыпталушылар мен сотталғандарды қалада және елді мекенде жаяу реттілікте айдауылмен алғып жүргүре жол берілмейді.

21. Күдіктілерді, айыпталушылар мен сотталғандарды жаяу реттілікте айдауылмен алғып жүргүре кезінде олардың саны мен жолдың еніне қарай 2-4 адамнан лекке түрғызылады.

Айдауылды орналастыру мынадай болып жүргізіледі:

1) екі айдауылмен алғып жүруші болған кезде – біреуі – айдауылдағы адамдардың сол жағынан 1 – 1,5 метр қашықтықта және бірнешеуі артынан, екіншісі – оң жағынан, олардың артынан сол қашықтықта жүреді;

2) үш айдауылмен алғып жүруші болған кезде – екі айдауылмен алғып жүруші айдауылдағы адамдардың екі жағынан, айдауыл бастығы – барлық топ артынан жүреді;

3) төрт және одан көп айдауылмен алғып жүруші болған кезде – олардың біреуі алдында, қалғандары жан-жактан, айдауыл бастығы – айдауылдағы адамдар легінің артынан жүреді. Жағдайға байланысты, айдауыл бастығы айдауылмен алғып жүрушілер мен айдауылдағы адамдар арасындағы арақашықтықты қысқартады немесе ұзартады.

Қазақстан Республикасы
Карулы Күштері әскери полиция
органдарының гауптвахтасында
ұсталатын әскери қызметшілерді
(әкімшілік қамаққа алынған
әскери қызметшілерден басқа)
гауптвахтадан тыс жерде күзету
және алғып жүру (айдауылмен
алғып жүру) қағидаларына
1-қосымша

Айдауыл бастығына берілетін қызметтік құжаттар тізбесі

Әскери полиция органдарында дайындалатын құжаттар:

1. Елді мекен шегінде айдауылмен алғып жүру кезінде:

1) күдіктілер, айыпталушылар мен сотталғандар тізімі;
2) әрбір күдікті мен айыпталушыға мөр басылған құжаттар бар пакеттермен жеке істер.

Сотқа айдауылмен алғып жүру кезінде тек күдіктілер мен айыпталушылар тізімі.

2. Елді мекеннен тыс жерге айдауылмен алғып жүру кезінде:

1) күдіктілер, айыпталушылар мен сотталғандар тізімі үш данада;

2) әрбір күдіктіге құжаттар бар мөр басылған пакеттермен әрбір айыпталушыға жеке іс бойынша оған жапсырылған анықтамасы бар мөр басылған пакеттердегі жеке істер;

3) айдауыл бастығына күдіктілер мен айыпталушыларды қабылдау (тапсыру) құқығын беретін нұсқама (айдауыл жеке құрамының тізімімен бірге);

- 4) жол жүру құжаттары;
- 5) маршруттық парақ;
- 6) жол жүру журналы;
- 7) азық-түлік атtestаты.

3. Айдауылмен алып жүру үшін күдіктілерді, айыпталушылар мен сотталғандарды қабылдау кезінде:

1) айдауылдағы адамдардың ілеспе тізімі үш данада;

2) әрбір сотталғанға жеке ісі бойынша анықтамасы жапсырылған мөр басылған пакеттегі құжаттар бар жеке іс;

3) азық-түлік атtestаты (елді мекеннен тыс жерге айдауылмен алып жүру кезінде).

4. Денсаулық сақтау ұйымына айдауылмен алып жүру кезінде:

1) медицина қызметкерінің медициналық көмек көрсету үшін денсаулық сақтау ұйымынаәкетуқажеттілігі туралы баянаты (тагайындауы);

2) айдауыл бастығына айыпталушылар мен сотталғандарды қабылдау (тапсыру), айдауылмен алып жүру құқығын беретін нұсқама (айдауыл жеке құрамының тізімімен бірге);

3) жеке іс бойынша анықтама;

4) маршруттық парақ;

5) жол жүру журналы.

Қазақстан Республикасы
Карулы Күштері әскери полиция
органдарының гауптвахтасында
ұсталатын әскери қызметшілерді
(әкімшілік қамаққа алынған
әскери қызметшілерден басқа)
гауптвахтадан тыс жерде қүзету
және алып жүру (айдауылмен
алып жүру) қағидаларына
2-қосымша
Нысан

Жол жүру журналы

Ескерту. 2-қосымша жана редакцияда – КР Қорғаныс министрінің 28.09.2023 № 961 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрыйғымен.

(орган атавы)

Басталды: _____

Аяқталды: _____

Жол журу журналын толтыру мынадай тәртіппен жүргізіледі:

журналдың екі бетінің қайырылатын жерінде айдауыл бастығы титул мәтінін ресімдейді.

(2-ші және одан кейінгі жұп беттері – қайырылатын жердің сол жағы)

№	Қабылдау күні	Қабылдау пункті (нөмірі, жеке станция атавы, орган атавы)	Жеке іс (нөмірі, жеке іс бойынша анықтаманы жасаған орган атавы)	Тегі, аты және экесінің аты (бар болса, егер бірнеше болса, барлығын атап көрсету)	Тұған жылы	Қай мерзімге сотталды және мекеме түрі (санаты)	ҚР ҚК-ның қай бабы бойынша сотталды немесе айыпталады
1	2	3	4	5	6	7	8

(3-ші және одан кейінгі тақ беттері – қайырылатын жердің оң жағы)

Айдауылмен алып журу үшін негіз (оларды шығарушы, нөмірі мен күні көрсетілетін нұсқау, наряд, бұйрық, өкім, қаулы)	Қайда және кімнің қарамағына жүреді (кала, станция, орган атавы)	Қайдада тапсырылуға тиіс (станция, орган атавы)	Толық/ішінара тінту мен толық тексеруді кім жүргізді (атағы мен тегі, аты, экесінің аты (бар болса))	Тінту кезінде алынған ақша мен тыйым салынған заттар тізбесі, жол журу кезеңінде ұсталған камера нөмірі	Айдауылдағы адамдарды және құжаттарды қабылдаған айдауыл бастығының немесе әскери полиция органдарының қызметшілерді (әкімшілік қамаққа алынған әскери қызметшілерден басқа) үстелатын әскери қызметшілерді және алып журу (айдауылмен алып журу) қағидаларына	3-қосымша	Нысан
9	10	11	12	13	14		

Қазақстан Республикасы
Карулы Күштері әскери полиция
органдарының гауптвахтасында
ұсталатын әскери қызметшілерді
(әкімшілік қамаққа алынған
әскери қызметшілерден басқа)
гауптвахтадан тыс жерде күзету
және алып журу (айдауылмен
алып журу) қағидаларына

3-қосымша

Нысан

Орган мөртаңбасы

(тіркеу нөмірі)

бастығына

(әскери полиция органдарының атавы)

ӨТІНІМ

мекенжайы бойынша орналасқан

(сот мекемесінің, тергеу әрекетін жүргізу орнының және т.б. атауы)

парақтың артқы бетінде

(күні, сағаты)

аты аталған адамдарды

айдауылмен алып жүруүшін айдауыл жіберуінізді сұраймын.

Айдауылмен алып жүруге жататын адамдар

қарамағына түседі.

(лауазымы, тегі көрсетіледі)

Сот процесі (тергеу әрекетін жүргізу) басталады.

(уақыты, болжамды ұзақтығы көрсетіледі)

Үәкілді адам

(лауазымы, тегі, аты-жөні, қолы)

Артқы жағы

Нысан

№	Тегі Аты Әкесінің аты (бар болса)	Тұған жыл ы	Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексін ің қай бабы (баптары) бойынша айыппалады, күдікті болады, сottалды	Ұстau орны (мекеме ат ауы)
	Эртүрлі санаттағы айдауылдағы адамдарды ішкі оқшаулау бойынша талантар (нақты кімнен немесе барлық айдауылдағы адамнан көрсетіледі)	Қандай айдауыл талап етіледі (карапайым, ерекше немесе күшетілген)	Айдауылмен алып жүру тәртібіне қатысты нұсқама	Айдауылдағы адамдарға тінту жүргізген адамның тегі

Үәкілді адам

(лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы)

Қазақстан Республикасы
Карулы Күштері әскери полиция
органдарының гауптвахтасында
ұсталатын әскери қызметшілерді
(әкімшілік қамаққа алынған
әскери қызметшілерден басқа)
гауптвахтадан тыс жерде күзету
және алып жүру (айдауылмен
алып жүру) қагидаларына

4-қосымша

Нысан

Орган мәртәнбасы

(тіркеу нөмірі)

Кімге _____

(лауазымы, атағы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Нұсқама

Осы нұсқаманы ұсынушы _____

(әскери полиция органдың атауы)

(сот, гауптвахта, ауыстыру пункті, станция атауы)

күдіктілерді, айыпталушылар мен сотталғандарды айдауылмен алып жүру және қабылдау (тапсыру) үшін айдауыл бастығы болып тағайындалды.

Нұсқама 20 _ жылғы "_____" дейін жарамды.

Мөр орны

Әскери полиция органдың бастығы _____

(атағы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы)

Артқы жағы

Айдауыл күрамының тізімі

P/c №	Тегі мен аты-жөні	Лауазымы мен атағы	Қарудың түрі мен нөмірі	Нұсқау берумен танысқаны туралы қолы
----------	-------------------	--------------------	-------------------------	--------------------------------------

Әскери полиция органдың бастығы

(атағы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы)